



Құжаттың коды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

090.1814

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің
2006 жылғы 26 мамырдағы
№13-з бұйрығымен бекітілген.

"Пайдаланылатын желілердің ұзындығы және бір жыл ішіндегі қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы темір жол ұйымдарының есебі" ТЖ нысанын толтыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

"Пайдаланылатын желілердің ұзындығы және бір жыл ішіндегі қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы темір жол ұйымдарының есебі" ТЖ нысаны бойынша есепті темір жол көлігі ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтетін басқа да мемлекеттердің темір жол бөлімшелері мен учаскелері 30 наурызға дейін табыс етеді.

Жалпы пайдаланымдағы темір жол көлігіндегі статистикалық байқаудың негізгі объектілері - жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жылжымалы құрам, жол және жол шаруашылығы, тасымалданатын жүктердің сақталуы, тасымалдау қызметіне байланысты қаржы нәтижелері.

ТЖ нысаны бойынша есеп темір жол көлігі кәсіпорындары жинайтын ведомстволық есептіліктің деректері негізінде жасалады.

Темір жол жолдарының пайдаланылу ұзындығы

Желінің пайдаланылу ұзындығы деп осы желіні шектеуші жол тарамдары (станциялар, разъездер, басып озу пункттері) бар жекелеген пункттерінің осьтері аралығында өлшенген бас жолдың ұзақтығын айтады. **Пайдаланылу ұзындығы** тек негізгі жолдар үшін анықталады.

Жолдың (жолдардың, жол бөлімшелерінің және басқа да бөлімшелердің) іргелес ара қашықтықтарының жанасу орнында пайдалану ұзындығын осы бөлімшелердің белгіленген шекарасынан бастап (немесе дейін) анықтайды.

Пайдаланылу ұзындығын былайша анықтайды: **екі жолды және көп жолды учаскелерді** - ең қысқа жол бойынша; жолаушылар үйіне тірелетін көп жолды тұйық желілерді - оның бас жолдарының ең көбі бойынша; басқа желіге шектесетін желілер немесе тармақтар – жалғасатын жолы бар жақын жеке пункт осіне дейін.

Сонымен, екі желі қосылған орыннан бастап (яғни жанасу стрелкасынан) осы пункттің осіне дейінгі жол бөлігінен екі желінің де пайдалану ұзындығына кіреді, яғни екі рет ескеріледі.

Осы жеке пункт бағытында бірнеше жанасу болған жағдайда осындай жол бөліктері пайдалану ұзындығында бірнеше рет ескеріледі.

Екіжолды деп, оны шектеуші жалғасатын жолы бар жеке пункттердің арасындағы барлық ұзақтықта егер осы жолдар түгелдей (немесе ішінара) жеке (дербес) жер төсемінде орналасқан жағдайда да екі бас жолы бар учаскені айтады. Осындай учаскенің пайдалану ұзындығы ең қысқа жол бойынша есептеледі.

Үшжолды деп, жалғасатын жолы бар жеке пункттердің арасындағы барлық ұзақтықта үш негізгі жолы бар учаскені айтады.

Пайдаланылу ұзындығын анықтау кезінде екі аралықтағы негізгі жолдарға жанасатын поездарды қабылдау және жөнелту немесе қалыптастыру парктерінен тікелей шығу, негізгі жолдардың жалғасы болып табылатын немесе шетке түпкілікті ауытқуына дейін екі аралықта негізгі жолдарға қосарлана жүретін бір немесе бірнеше жолдардың бас желілерін біріктіретін тармақтар екінші, үшінші және т. б. жол ретінде емес дербес деп саналады. Егер осы шығатын жолдар, тармақтар және өзгеде жолдар барлық аралық шегінде станцияның бір осінен екінші осіне дейін негізгі жолға қосарлана жүрсе және поездарды жіберу үшін қызмет етсе, онда онда олар екінші немесе үшінші жолдар ретінде ескерілуі тиіс.

Құрылымдық бірліктің пайдаланылу ұзындығын (жол ара қашықтары, жол бөлімшелері, жолдар) оған кіретін бас жолдардың санына жатқызылатын жалпы пайдаланымдағы барлық желілер мен тармақтардың пайдаланылатын ұзындықтар жиынтығы ретінде анықталады.

Электрлендірілген желілер бөлініп алынады – бұл электр тарту күшін беретін әуе байланыс рельсімен жабдықталған бір немесе бірнеше электрлендірілген негізгі жолдары бар желілер.

Станцияға жанасатын және оңтайландыру үшін электрлендірілген және оларды электрлендіру келесі станцияға дейін жалғастырылмаған желі учаскелері **электрлендірілмеген желілер** болып саналады.

Жолтабанның ені – рельстер басының ішкі жақтары арасында өлшенген екі рельс арасындағы қашықтық. Қазіргі кезде мынадай енді темір жол жолтабаны пайдаланылады:

- қалыпты жолтабан: 1, 435м;
- кең жолтабан: 1,524м, 1,600м, 1,668м;
- тар жолтабан: 0,60м, 0,70м, 0,75м, 0,76м, 0,785м, 0,90м, 1,00м.

Темір жол жолдары бас, негізгі емес және қосалқы болып бөлінеді. Қосалқы және кіріс темір жол жолдары - бұл бас темір жол жолдарынан шығатын темір жол жолдары. Жеке иеленушілерге тиісті кіріс темір жол жолдарын қоспағанда кіріс темір жол жолдарының ұзақтығы темір жол жолдарының ұзақтығына енгізіледі, егер осы кіріс жолдар тиісті темір жол жүйелеріне жататын болса.

Жылжымалы құрам бірліктерінің саны

Мына көлік құралдары есепке алынады:

а) негізгі темір жол кәсіпорындарына жататын барлық темір жол көлік құралдары, сондай-ақ жөндеудегі және жөндеу кезегінде тұрған немесе паркте жұмыс істейтін немесе жұмыс істемейтін қалпында сақталған көлік құралдарын қоса осы кәсіпорындар жалдауға алған және олардың тікелей иелігінде болатын құралдар; жүйе иелігіндегі шетелдік көлік құралдары, шетелде кәдуілгі пайдалану тәртібінде уақытша болатын немесе қосалқы темір жол кәсіпорындары желісінде болатын басқа темір жолы әкімшіліктерінің көлік құралдары да енгізіледі;

б) жеке иеленушілерге тиісті тауар вагондары, яғни негізгі темір жол кәсіпорындарының иелігінде емес, бірақ тіркелген және осы кәсіпорындар арнайы шарттарды бұзбай тасымалдауға жіберілген тауар вагондары, сондай-ақ осы темір жол кәсіпорындары жеке иеленушілерге жалға берген және жеке иеленушілерге тиісті тауар вагондары ретінде пайдаланылатын тауар вагондары жатады.

Негізгі темір жол кәсіпорындарындағы статистикалық деректерден оның иелігіндегі емес көлік құралдары алынып тасталады, яғни:

а) негізгі темір жол кәсіпорындарының темір жол желісінде кәдуілгі пайдалану тәртібінде уақытша болатын басқа темір жолы әкімшіліктерінің немесе темір жол кәсіпорындарының көлік құралдары;

ә) жалға берілген немесе қандай да бір себептерге байланысты басқа темір жол кәсіпорындарының иелігіне берілген көлік құралдары;

б) тек технологиялық тасымалдаулар үшін резервте тұрған немесе бұзылатын немесе есептен шығарылатын көлік құралдары.

Темір жол көлік құралдарына тек рельспен жүретін жылжымалы құрам жатады. Олар тартатын көлік құралдары (локомотивтер және автотристер) және сүйрейтін көлік құралдары (жолаушылар вагондары, тіркеме вагондар, мотор-вагонды поездар, жүк және тауар вагондары) болып бөлінеді.

Локомотив паркі - электровоздардан, тепловоздардан және паровоздардан тұрады. Мотор - вагонды жылжымалы құрам жеке ескеріледі - электрлі поездар мен дизельді-поездар, сондай-ақ автотристер қалыптасатын моторлы және тіркемелі вагондар. Локомотивтер, автотристер және вагондар бойынша деректер бірлікпен келтіріледі. Сонымен қоса, локомотивтер мен автотристер бойынша олардың қуаты мың кВт-пен, ал жүк вагондары бойынша - олардың жүк көтерімділігі мың тоннамен келтіріледі.

Локомотив - бұл энергия көзімен және қозғалтқышпен немесе тек қозғалтқышпен (электровозбен) жабдықталған темір жол көлік құралдарын жетекке алуға арналған темір жол көлік құралдары:

а) **электровоз** - бұл бір немесе бірнеше электр қозғалтқышы бар локомотив, ол байланыс сым немесе рельс бойынша жеткізілетін немесе локомотивтегі аккумуляторлар арқылы келетін электр тоғымен қоректенеді. Электровоз санаттарына осындай тәсілмен жабдықталған, сондай-ақ тоқты байланыс сымынан немесе байланыс рельсінен алуға болмайтын кезде электр қозғалтқыш тоғымен қоректену үшін энергетикалық қондырғымен (дизельді немесе өзге) жабдықталған локомотивтер жатады.

ә) **тепловоз** - бұл орнатылған беріліс типіне қарамастан дизельді қозғалтқышпен жабдықталған локомотив. Алайда байланыс сымы немесе байланыс рельсі бойынша жеткізілетін электр энергиясын алу үшін жабдықталған дизель - электрлік локомотивтер электровоз санатына жатады.

б) **паровоз** - пайдаланатын отын түріне қарамастан энергия көзі бу болып табылатын цилиндрлі немесе турбиндік локомотив.

Автотристер - бұл темір жолмен жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін жабдықталған моторлы көлік құралы. Локомотивтердің әртүрлі санатын (электровоздар, тепловоздар) анықтау автотристерге тиісті өзгерістермен қолданылады. Механикалық көлік құралдары статистикасында әрбір автотристер ажыратылмайтын секцияда жеке ескеріледі: жолаушылар көлік құралдары мен жүк көлік құралдары статистикасында жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін жабдықталған әрбір шанақ бір бірлік ретінде ескеріледі.

Мотор-вагонды жылжымалы құрамның әрбір локомотиві және әрбір бірлігі темір жолдың біреуіне тіркеледі. Аталған жолға тіркелген, оның аты-жөніне ие және оның балансында тұратын барлық локомотивтер жолдың мүліктік паркін құрайды.

Темір жол көлік жұмыстарын басқару үшін айрықша маңыздысы - жүк вагондарының есебін алу. Жүк вагондарының нақты бары жыл сайын вагондарды түгендеу арқылы анықталады. Оның нәтижесі бойынша нақты вагондар саны анықталып, сол бойынша келесі кезеңдегі ағымдағы есеп жүргізіледі. Парктегі нақты барынан жүктерді тасымалдауда бос емес ақаусыз жүк вагондарын қоса вагондардың жұмыс паркі бөлек көрсетіледі.

Жол иелігіндегі жүк вагондары паркінде парктегі нақты бар жүк вагондарын ескереді, олар былайша бөлінеді:

Жабық;

үсті ашық вагондар;

вагон-платформалар;

цистерналар;

рефрижераторлар;

өзге де вагондар.

Жабық вагон - бұл жабық конструкциясымен (төбесіне дейін тұтас қабырғасы және шатыры бар) және онда тасымалданатын жүктерді қамтамасыз ететін қауіпсіздігімен (вагондарды құлыпқа жабу және пломб салу мүмкіндігі) сипатталатын вагон. Мұндай вагондар кәдімгі немесе мамандандырылған болуы мүмкін, бұларға қақпағы ашылатын вагондар енгізіледі.

Үсті ашық вагон - бұл биіктігі 60 см-ден астам қайырымсыз ернеулері бар шатырсыз, кәдімгі немесе мамандандырылған вагон.

Вагон-платформа - шатырсыз және ернеусіз вагон; шатырсыз ернеу биіктігі 60 см-ден аспайтын вагон; айналмалы есікті платформа; кәдімгі немесе мамандандырылған.

Өзге де вагондарға кез-келген вагондар, атап айтқанда, жабық вагондар, жартылай вагондар немесе вагон-платформа анықтамасына енгізілмеген сұйық заттарды, газды, сондай-ақ ұнтақ тәрізді жүктерді тасымалдауға арналған мамандандырылған вагондар, сондай-ақ автотристер мен сәлемдемелер тасымалдауға бейімделген автотристердің тіркемелі вагондары жатады.

Сонымен қоса, осы есепте **жеке компаниялар мен кәсіпорындар меншігіндегі**, яғни осы жолға жатпайтын, бірақ оған компания немесе кәсіпорын (тұлға немесе фирма) тіркеген вагондар ескеріледі.

Жолаушылар темір жол көлік құралы - жолаушыларды тасымалдауға арналған темір жол көлік құралы, егер де онда жолжүгі, жүк орны, почта және т. б. үшін бір немесе бірнеше арнайы бөлімшелер немесе арнайы орын болса да.

Жолаушыларды тасымалдауға арналған ажыратылмайтын секцияның әрбір жеке көлік құралы қоса жолаушылар темір жол көлік құралы ретінде ескеріледі.

Жолаушылар вагоны - автотристерді немесе моторвагонды поезддағы тіркемелі вагонды қоспағанда жолаушылар темір жол көлік құралы.

Жолаушылар вагондарының нақты бары темір жолдардағы тіркелу депосы бойынша ескеріледі. Жолаушылар вагондары паркінің есебі тасымалдау түрі бойынша бөлімшелермен нақты бірлікте жүргізіледі: жолаушыларды және қол жүктерін тасымалдау үшін, почтаны тасымалдау үшін, жолжүктерін және жүк - жолжүктерін тасымалдау үшін; өзгелері (мейрамханалар, зертханалар, қызметтік т. б.). Жолаушыларды тасымалдауға арналған вагондар жабдықталуына байланысты жұмсақ, жұмсақ-қатқыл, қатқыл, купелі, ашық қатқыл, облысаралық орындықтары бар болып бөлінеді. Жолаушылар көлік құралының сыйымдылығы - мақсатқа сай пайдаланылған жағдайда жолаушылар көлік құралындағы отыратын және жататын орындар саны; түрегеп тұратын жолаушылар үшін рұқсат етілген орын саны.

Багаж вагоны – қозғалтқышы жоқ, жолаушылар немесе жүк поезддары құрамына кіретін және қажет болған жағдайда поезд бригадасы пайдаланатын, сондай-ақ жолжүктерін, жүк орындарын, велосипедтерді және т.б. тасымалдайтын темір жол көлік құралы.

Жолаушылар үшін бір немесе бірнеше купесі болатын көлік құралдары жолжүк ретінде емес, жолаушылар вагондары ретінде ескерілуі тиіс. Темір жол кәсіпорындары меншігіндегі почта вагондары **багаж вагондары** болып саналады, егер оларда жолаушылар купесі болмаса.

Барлық жылжымалы құрам пайдалануға келген уақыты бойынша (қызмет мерзімі бойынша) қадағаланады.

Жүк тасымалы

Темір жол көлігінде тасымалданған жүк көлемі жеткізілген және жөнелтілген жүктердің, транзиттік тасымалдың және республикалық қатынастағы тасымалдың жиынтығы болып табылады.

Статистикалық есепте темір жол басқармасының тұрақты пайдалануында болатын темір жолдың жалпы желісі бойынша атқарылған жұмыс паркіндегі жүк вагондарымен жүктерді тасымалдау қамтылады. Жалпы және жалпы емес пайдаланым орындарындағы жөнелтушілерден, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолынан, су көлігінен, паром өткелдерінен, автомобиль көлігінен, халықаралық қатынас тәртібінде жалпы желі бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылып жатқан жаңа салынған желілерден тікелей қабылданған жүк тасымалы есепке алынады.

Жүк тасымалы қатынас түрлері бойынша бөлінеді: **республикалық және халықаралық.**

Республикалық тасымалдар – Қазақстан Республикасы ішіндегі тасымал.

Халықаралық тасымалдар – Қазақстан Республикасы мен шетелдер арасындағы тасымал; және (немесе) Қазақстан Республикасы арқылы транзит.

Республикалық қатынас әкету, әкелу және транзит болып бөлінеді.

Жүк жөнелтушіге көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жөнелтушіден немесе автокөлік ұйымынан тікелей қабылданып, және де осы жол станциясынан белгілі бір мақсатта басқа жолға, шетелдік темір жолға, көліктің басқа түрлерінен, жаңадан салынып жатқан желілерге немесе шектес жолдар учаскесі арқылы өз жолына жөнелтілген болса, мұндай тасымалдар **әкетуге** жатады.

Жүк осы жолмен шектес жолдардан, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолынан, көліктің басқа түрлерінен, жаңадан салынып жатқан желілерден тасымалды аяқтау үшін қабылданып, және де осы жол станциясымен тікелей қабылдаушыға немесе қабылдаушыға көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын автокөлік ұйымына берілген болса, мұндай тасымалдар **әкелуге** жатады.

Шектес жолдардан, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолынан, көліктің басқа түрлерінен, жаңадан салынып жатқан желілерден қабылданып, және де әрі қарай тасу үшін шектес жолдарға, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолына, көліктің басқа түрлеріне, жаңадан салынып жатқан желілерге тапсырылған жүктерді осы жол бойынша тасымалдау **транзитке** жатады. Үшінші жолға жататын түйісу станциясы арқылы жүктерді бір жолдан басқа жолға тапсырған кезде тоннадағы тасымал осы станцияға жататын сол жол транзитінде ескеріледі.

Халықаралық тасымал (жүк тиелген) - бұл осы республикада тиеп, республика шегіне тысқары (ТМД елдеріне және алыс шетелге) тасымалдау.

Халықаралық тасымал (жүк түсірілген) - бұл осы республикада түсіріліп, республикадан тыс жерден (ТМД елдерінен және алыс шетелден) тасымалдау.

Артық салмақсыз транзиттік тасымалдау – бұл жүкті ел арқылы көліктің сол және бір көрсетілген түрімен тасымалдау.

Тиеу немесе түсіру пункттері дегеніміз, аталған көлік түрінде пайдаланылатын көлік құралдарына тиелген жүктер (көлік құралдарымен тиеледі).

Станция аралықтарындағы жөнелту туралы деректерде станциялар, бөлімшелер, темір жолдар, темір жол тораптары, облыстар, жол табан түрлері, жөнелту санаты (ұсақ, контейнерлік, пакеттік) бойынша бірыңғай тарифтік-статистикалық тізімдемеге сәйкес жөнелтілген жүктердің көлемін сипаттайды.

Жүктерді тасымалдау екі сәтте ескеріледі: **жөнелтуі** және **келуі**.

Жөнелту сәті болып саналатыны - жөнелтушіден, шетелдік темір жолдан, су көлігінен, паром өткелінен, автомобиль көлігінен, жаңа салынған желіден тасымалданатын жүктерді қабылдау күні.

Келу сәті болып саналатыны-алушыға жүкті берген, шетелдік темір жолға, су көлігіне, паром өткеліне, автомобиль көлігіне, жаңа салынған желіге жүкті тапсырған күні.

Бір жол табанынан екіншісіне қайта тиеп жөнелту сәті болып саналатыны-басқа жолтабаннан жүкті қабылдау күні және келу сәті-жүкті басқа жолтабанға тапсыру күні.

Жөнелту - есепті кезеңде пайдаланылатын темір жол торабында жөнелтілетін станция бойынша жөнелтуге қабылданған жүк массасымен (тоннада) сипатталады, бұған жататындар :

- жалпы және жалпы емес пайдаланатын орындардағы жүкті жөнелтушілер;
- жөнелтушілердің көлік-экспедициялық қызметтерін жүзеге асыратын автокөлік ұйымдары;
- халықаралық темір жол қатынасының құжаттары бойынша темір жолмен әрі қарай тасымалдайтын басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолы;
- темір жол бойынша әрі қарай тасымалдау үшін тікелей аралас темір жол су қатынастары құжатымен су көлігі, бұған су жолымен транзит арқылы келетін жүктер де енгізіледі.

Ескерту. Су көлігінің қатысуымен жол аралық немесе аудан аралық жүк тасымалының есебі кезіндегі транзитте су көлігінен жүктерді қабылдауға жүктерді ауыстырып тиеу станциясы бойынша жөнелту енгізілмейді:

- паром өткелінде;
- халықаралық аралас темір жол-автомобиль қатынастарының құжаты бойынша автомобиль көлігі;
- жаңа салынған станцияда тиеген кезде халықаралық қатынасқа енгізілген жаңа салынған желі.

Сонымен қоса жүктерді жөнелтуге енгізілетіні:

- жүк құжаттарымен ресімделген (мұндай жағдайда вагондағы салмақты шартты түрде 33 т ретінде ескереді) жүк паркіндегі вагондарда адамдарды тасымалдау;
- жүкті - қолжүгін жөнелтуге қабылданған жүктер;
- квитанциямен ресімделген сүт және сүт өнімдерін тасымалдау.

Жүктердің жол-жөнекей немесе апаратын станцияға мекен-жайы өзгерген кезде, мекенжайы өзгерген станция бойынша жөнелту енгізілмейді.

Жүктерді жөнелту жолтабан түрі бойынша бөлек және барлық жолтабан бойынша жиынтығымен ескереді. Әрбір жолтабанда жөнелтілген жүктер қайта тиелген, сондай-ақ тиелген вагондарды басқа жолтабандағы арбашықтарға ауыстырып салу ретінде ескеріледі. Барлық жолтабан түрлері бойынша (жиынтық) есеп кезеңде қайта тиеуді және орын ауыстыруды алып тастайды.

Келуі - есепті кезеңде темір жолдың пайдаланылатын торабымен тасымалдауды белгіленген станцияға жеткізуді аяқтаған жүк массасы тоннамен сипатталады, жәнеде берілген немесе тапсырылған жүктер енгізіледі:

- жалпы және жалпы емес пайдаланатын орындарда тікелей жүкті алушылар;
- алушылардың көлік-экспедициялық қызметін жүзеге асыратын автокөлік ұйымдары;
- тікелей халықаралық темір жол қатынасының құжаты бойынша шекарадан тысқары тасу үшін басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолы;
- халықаралық тікелей аралас темір жол-су жүк қатынасының құжаттары бойынша шекарадан тысқары тасу үшін су көлігі;
- су жолымен әрі қарай тасу үшін тікелей аралас темір жол-су қатынасы құжаты бойынша су көлігі, су көлігі транзиті бойынша ілесе жүретін жүктер де енгізіледі.

Ескерту . Су көлігінің қатысуымен жол аралық немесе аудан аралық жүк тасымалының есебі кезіндегі транзитте жүктерді қабылдауға жүктерді ауыстырып тиеу станциясы бойынша әкелінгені енгізілмейді:

- паром өткелінде;
- тікелей аралас темір жол-автомобиль қатынастарының құжаты бойынша автомобиль көлігі;
- жаңа салынған станцияға түсіру үшін тікелей қатынасқа енгізілген жаңа салынған желі.

Сонымен қоса жүктердің келуіне енгізілетіні - жүк құжаттарымен ресімделген (мұндай жағдайда вагондағы салмақты шартты түрде 33 т ретінде ескереді) жүк паркіндегі вагондарда тасымалдау.

Жүктердің жол - жөнекей немесе апаратын станцияға мекен-жайы өзгерген кезде , мекен-жайы өзгерген станция бойынша әкелінгені енгізілмейді.

Жүктердің келуі жолтабан түрлері бойынша бөлек және барлық жолтабан бойынша тұтастай ескеріледі. Әрбір жолтабаннан келген жүктерді қайта тиеу, сондай-ақ тиелген вагондардың жүгін басқа арбашыққа ауыстыру ескеріледі. Барлық жолтабан түрлері бойынша жиынтық есебін алған кезде қайта тиеу және орын ауыстыру алынып тасталады.

Тиісті жылдағы есепте **жөнелтілетін жүктерге** жатқызу тасымалдау құжатындағы уақыт негізінде, жүктерді халықаралық жөнелтушіден, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолынан, су көлігінен, паромдық өткелден, автомобиль көлігінен, жаңа салынған желіден халықаралық тасымалданатын жүктердің қабылдануы бойынша анықтайды.

Тиісті жылда **келген жүктерді** тасымалдау құжатында көрсетілген уақыты, алушыға жүкті бергені, басқа темір жолы әкімшіліктерінің темір жолына, су көлігіне, паром өткеліне, автомобиль көлігіне жаңа салынған желіге тапсырғаны бойынша анықтайды.

Жүк вагондарын пайдаланудың негізгі көрсеткіштері мынадай.

Жүк немесе жолаушылардың поезд-километрі - жүк немесе жолаушылар поезының бір километр қашықтыққа жүрген жолына сәйкес келетін өлшем бірлігі. **Қашықтығы** - поездың белгілі бір темір жол торабында жүрген жолының ұзындығы. Темір жол ережесіне сәйкес жүк - жолаушылар поездарының (яғни жолаушымен жүк вагондарынан тұратын поездар) жүрген жолын жолаушы поезд-километрге және жүк поезд-километрге үйлесімді бөлу қажет. Аталған темір жол желісі бойынша жүретін екі санаттағы барлық поездар, осы поездардың жылжымалы құрамға қатыстылығына қарамастан енгізіледі.

Белгілі бір желіде тиелген вагондар - бұл тиеу және жөнелту осы ел шегіндегі темір жолдардың біреуінде жүзеге асрылған вагондар.

Шекарадан тысқары тиеліп келген вагондар - транзит үшін немесе елде түсіру үшін шетелдік желіден тиеліп келген вагондар.

Поезд - бруттоның орташа салмағы - поездың жылжымалы құрамының барлық жүрген жолындағы жүгі мен ыдыстары тоннасының орташа мөлшерін көрсетеді. Поезд - брутто салмағына жұмыс істеп тұрған локомотивтер салмағы енгізілмейді. Алайда құрамнан бөлінбейтін автотоматрис пен тартатын көлік құралдарының салмағы енгізіледі.

Жүк айналымы (локомотив салмағынсыз жүк поездары бруттосы) - тасымалдау қашықтығын ескере отырып жүктерді жеткізу бойынша орындалған тасымалдау жұмыстарының көлемін сипаттайды. Бұл орайда барлық жүктің ішкі және сыртқы орамдардың, бумалардың, жабулардың және табандық секілді сүйемелдеуші конструкциялардың жалпы салмағы ескеріледі де, контейнер ыдыстарының, жолдағы көлік құралдары мен жабдықтарының, сонымен қоса паровоз тартқышының, электр тартқышының, тепловоз тартқышының салмағы алынып тасталады.

Жүк айналымы нетто - жүктерді ешқандай бумасыз, тек орау немесе ішкі бумалау арқылы белгілі бір қашықтыққа тасымалдаумен сипатталады.

Жүк айналымын жол ведомосы бойынша темір жолмен жүктердің орындалғандығымен ескереді де, былайша анықтайды:

-темір жол бойынша - тасымалданған жүк мөлшерін (тоннамен) әрбір жолдағы тасымалдаудың ең шектеулі қашықтығына көбейтеді;

-темір жол желісі бойынша - темір жолмен орындалған жүк айналымының жиынтығы ретінде.

Жұмыс вагонының айналымы, тәулік – бұл оның жұмысының толық өндірістік циклының уақыты – бір тиелімнен келесі тиелімге дейінгі. Бұл циклға аралықтар бойынша қозғалыс уақыты, аралық станцияларындағы қалыпты уақыт, техникалық станциялардағы жүк тиеу операцияларына кеткен уақыт кіреді.

Жергілікті вагон айналымы жолының деректері сұрыптаусыз өткен жүк түсіруден кейінгі жергілікті жүк вагондарының санын жүгі түсірілген вагондар санына бөлу жолымен есептеледі.

Жүк вагонының орташа тәуліктік өнімділігі – тәулік ішінде жұмыс паркінің әрбір вагонына келетін, таза тонна-км саны.

Келтірілген 10 тонна-км-ның өзіндік құны – пайдалану шығыстарын келтірілген тонна-км-ға бөлу жолымен есептеледі (жүк айналымы және жолаушылар айналымының жиынтығы).

Локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі – бұл локомотивтің (немесе локомотивтер паркінің) белгілі бір уақыт ішінде орындалған және осы жұмысқа кеткен локомотив-тәулікке бөлінген (локомотивтердің қажетті қосымша желілік аралығын есепке алғанда) ткм брутто.

Учаскелік жылдамдық – «поезд-километрлері» жолының деректерін жолдағы «поезд-сағаттары» жолының деректеріне бөлу жолымен анықталады.

Тарту көлік құралы-километр – тарту көлік құралының бір километр қашықтыққа шаққандағы кезкелген қозғалысына сәйкес келетін өлшем бірлік. Бұл санатқа біржолдық тарту көлік құралдары және маневрлік операцияларды жүзеге асыратын тарту көлік құралдары кіреді.

Жүк тасымалының сақталмауы - тұрақты қоймаларда және көпшілік пайдаланатын басқа да орындарда сақтаған немесе тасымалдаған кезде ұрлануынан, орынның жетіспеуінен, жүк массасының кемдігінен, жоғалуынан, бүлінуінен немесе жүктің зақымдануынан болған кемшілік.

Сақталмау есебі наразылық пен талапты қанағаттандыру бойынша жауапкершілік алған коммерциялық акт негізінде жүргізіліп, онда баланстық залал сомасынан ұрланудан болған залал сомасы бөліп көрсетіледі.

Қанағаттандырылған назылық пен талап бойынша сақталмаған тасымалдау жүк түрімен ескеріліп, онда пломбысы алынбаған түзік вагондағы жетіспеушілік көрсетіліп, экспорттық және импорттық жүктер бөлек көрсетіледі.

Жолаушылар тасымалы

Әр станциялар бойынша **жолаушыларды жөнелту** деректері әрбір станция, жол бөлімдері, темір жолдар, облыстар, халықаралық, республикалық және қала маңындағы қатынас түрлерін ажырата отырып барлық қатынас түрлері бойынша жөнелтілген жолаушылар санымен сипатталады.

Жолаушыларды жөнелту станциясы болып саналатыны - жүру ақысы төленген станция немесе аялдама пункті. Қайтарда жеке дара және абонементтік билеттермен тасымалдаған кезде жөнелту станциясы билет сатылған баратын станциясы, ал кері қайтқанда келетін станциясы болып саналады. Аймақтық жеке-дара билетпен тасымалдаған кезде жөнелту станциясы билет сатылған станция болып саналады, кері қайтқанда жөнелту станциясы ескерілмейді, оның орнына тек жөнелту аймағы ескеріледі. Жолаушыларды жүк құжаттары бойынша тасымалдаған кезде жөнелту станциясы жүк құжаттарын ресімдеген станция болып саналады.

Жөнелту жолы болып саналатыны - станцияға жататын жол немесе жолаушыларды жөнелту аймағы.

Жолаушыларды жөнелтуді нақты есепті жылдағы сатылған және тегін берілген билеттер саны бойынша анықтайды. Мұндайда топтық билет, жүк құжаты абоненттік және басқа да билеттер бойынша осы кезеңде іске асырылған жолаушы-сапары ескеріледі.

Жолаушыларды тасымалдау **халықаралық** және **республикалық** болып бөлініп, бұлар **алыс жол жүру** терминін біріктіреді.

Қала маңындағы қатынасқа - қала ішіндегі және қала маңындағы 150 км аспаған қашықтыққа жолаушыларды тасымалдау жатады.

Жолаушылар айналымы - жол бөлімінде, темір жол мен торабында жолаушыларды тасымалдау бойынша жолаушы-километр бойынша орындалған жұмыс көлемімен сипатталады. Оны тасымалдау қашықтығына көбейту арқылы есептейді. Жолаушылар айналымы **электрмен** және **тепловоз** тартқышымен тасымалдау бойынша жеке есептеледі.

Қызметкерлер саны және тасымалдау қызметіндегі қаржы нәтижелері

"Есепті кезеңдегі қызметкерлердің (қызметті қоса атқарушыларсыз) орта есеппен алғандағы тізімдік саны" көрсеткіші «Еңбек бойынша статистикалық есептілікті толтыру жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес анықталады.

«Жалпы әкімшілік» санатына директорлар кеңесі, орталық және өңірлік басқару құрамы (мәселен, қаржы, заң, кадр және басқа да мәселелер бойынша) кіреді.

«Көлік операциялары және қозғалысты басқару» санатына станция қызметтерінің қызметкерлері, поезд бригадалары (локомотив бригадаларын қоспағанда), сондай-ақ тиісті орталық және өңірлік ведомстволардың персоналдары кіреді.

«Тарту және жылжымалы құрам қызметтері» санатына локомотив бригадалары, шеберханалар персоналдары, инспекторлар, сондай-ақ тиісті орталық және өңірлік ведомстволардың персоналдары кіреді.

«Жол-пайдалану және жол жұмыстары» санатына тұрақты жөндеу-пайдалану және бақылау персоналы, тиісті орталық және өңірлік ведомстволардың персоналдары кіреді.

Пайдалану штатындағы қызметкерлердің еңбек өнімділігін - "келтірілген тонна-км" көрсеткішін бөлу арқылы есептейді. (Еңбек өнімділігін есептеу үшін келтірілген тонна-километрді жүк айналымының жиынтығына еселенген жолаушы айналымын қосу арқылы анықтайды).

Тасымалдау қызметінен түсетін **табысқа** жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдаудан түсетін түсімдер кіреді.

Жүк тасымалынан түсетін табысқа жүк тасымалының төлемінен, бастапқы және соңғы операциялардың төлеуінен, жолсеріктердің жүргізігені үшін, вагондарды бір жолтабаннан екіншісіне ауыстырғаны т.б. үшін қосымша алымдардан құрылады.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табысқа тасымалдау төлемі мен әртүрлі қосымша төлемдер (жылдамдығы, жатын орны, купелі және жұмсақ вагондарда жүруі үшін) сомасы енгізіледі.

Жолжүктерін тасымалдаудан түскен табысқа жолжүктері квитанцияларының түбіртегінде көрсетілген тасымалдау төлемдерінің және қосымша алымдардың сомасы бойынша анықталады.

Жүк және жолаушылар тасымалына байланысты шығыстарда - табиғи монополия субъектілерінің өндірісіне және қызмет көрсетуіне (тауарлар, жұмыс) баға (тарифтер) есептеген кезде ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес жоспарды орындау бойынша шығыстар ескеріледі. Нұсқаулыққа сәйкес жүктерді және жолаушыларды тасымалдау жөніндегі шығыстарға мыналар енгізілуі тиіс:

- тасымалдаудың өндірістік өзіндік құны;
- тасымалдау бойынша жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар;
- тасымалдауға жататын салықтар;
- тасымалдауға жататын пайыздық шығыстар.

Тасымалдаудың өзіндік құны жүк немесе жолаушы тасымалы бойынша шығыстарды тиісті жұмыс көлемінде пайдаланатын тонна-километрге және жолаушы-километрге бөліп анықтайды да 10 тонна-километр және 10 жолаушы-километр есебінде өлшейді.



Код документа

АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

090.1814

Утверждена приказом Агентства
Республики Казахстан по статистике
от 26 мая 2006 года №13-з

ИНСТРУКЦИЯ по заполнению формы ЖД «Отчет организаций железнодорожного транспорта о протяженности эксплуатируемых линий и основных показателях деятельности за год»

Отчет по форме ЖД «Отчет организаций железнодорожного транспорта о протяженности эксплуатируемых линий и основных показателях деятельности за год» представляют организации железнодорожного транспорта, а также отделения и участки железных дорог других государств, проходящих по территории Республики Казахстан до 30 марта.

Основными объектами статистического наблюдения на железнодорожном транспорте общего пользования являются перевозки пассажиров и грузов, подвижной состав, путь и путевое хозяйство, сохранность перевозимых грузов, финансовые результаты от перевозочной деятельности.

Отчет по форме ЖД составляется на основании данных ведомственной отчетности, собираемой предприятиями железнодорожного транспорта.

Эксплуатационная длина железнодорожных путей

Эксплуатационной длиной линии называется протяжение главного пути, измеренное между осями отдельных пунктов с путевым развитием (станций, разъездов, обгонных пунктов), ограничивающих эту линию. **Эксплуатационная длина** определяется только для главных путей.

В местах соприкосновения соседних дистанций пути (дорог, отделений дорог и других подразделений) эксплуатационную длину определяют от (или до) установленных границ этих подразделений.

Эксплуатационную длину определяют: **двухпутных** и **многопутных участков** – по кратчайшему пути; **многопутных тупиковых линий**, упирающихся в пассажирское здание, – по наибольшему из главных ее путей; **линии или ветки**, примыкающей к другой линии, – до оси ближайшего отдельного пункта с путевым развитием.

Таким образом, отрезок пути от места слияния двух линий (т.е. от стрелки примыкания) до оси этого пункта входит в эксплуатационную длину обеих линий, т.е. учитывается два раза.

При наличии нескольких примыканий в направлении к этому отдельному пункту такие отрезки пути учитываются в эксплуатационной длине несколько раз.

